МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№ 4 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

МҰНАЙЛЫ 2024 жыл

Өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

(білім беру ұйымының атауы)

Мұнайлы ауданы **«24» мамыр 2024 жыл, 15 сағат 00 минут**

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі - Бағалау өлшемшарттары), Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы «№ 4 жалпы білім беретін мектеп» КММ(бұдан әрі - Мектеп) коммуналдық мемлекеттік мекемесіне өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау Мектептің 2024 жылғы 05 ақпандағы №67-нқ бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен (бұдан әрі-комиссия) келесі құрамда өткізілді:

1. Кулмеханова Дина Тлепбергеновна – мектеп басшысы, комиссия төрағасы;
2. Құлбарақ Маржан Қожабергенқызы – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, төраға орынбасары;
3. Саргожаева Асылхан Алымовна – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
4. Дайнашов Ербол Латипович – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Орынбасарова Алтынгул Каналхановна – директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
6. Толегенова Карлыгаш Садихиновна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
7. Кабулова Азиза Хаитбаевна – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
8. Бекенов Оразгелды Кадирманович – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
9. Наурызбаева Маусим Алтынбековна – директордың әдістеме ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
10. Булекбаева Бактыгул – директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
11. Жазыкбаева Кибат Тауирбаевна – жүйе әкімшісі, комиссия мүшесі.

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік

мекемесінің өзін-өзі бағалау жүргізіліп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және жан-жақты талдау жүргізді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет.
Білім беру ұйымының толық атауы. Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы). (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы) Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Дәулет селолық округі, Дәулет селосы, Жаңа Дәулет тұрғын үй массиві, 125/3 ғимарат
Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт) **телефон:** 8 (7292)349821, **электрондық пошта:** munaili4mektep@mail.ru, **web-сайт:** http://munaily4.edu.kz/
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі). **Мектеп директоры** Кулмеханова Дина Тлепбергеновна, байланыс нөмері: 8(701)4694781 Лауазымға тағайындау туралы бұйрық: 16.09.2021 жылы бұйрық №02-24/145-жқ
Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі). Маңғыстау облысының Әділет департаменті заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 27.11.2018 жылы БСН: 990640000114 Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№ 4 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Маңғыстау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы №8 қаулысымен бекітілген
Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама № KZ73RVK00029922, 28.01.2021 берілген күні берілген. Білім беру қызметіне лицензия №KZ37LAA00014570, алғашқы берілген күні 11.09.2008ж , білім беру қызметіне лицензияға қосымша (негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру) 07.03.2019ж берілген
2. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1)	**Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;** **Талдау нәтижелері:** Аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында мектепалды даярлық сыныбында аптасына 5 күндік жұмыс жасайтынын, тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік тілде жүргізілетінін көрсетті. 2023-2024 оқу жылдары бойынша әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығының 3-қосымшасы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі № 394 бұйрығының 3-қосымшасымен өзгеріс енгізілген) басшылыққа алынған. Оқу жоспарлары мектептің ресми сайтында ұсынылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымша 1-тарау 2-тармақ 1,2-тармақшаларына, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сәйкес келмейді
2)	**Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;** **Талдау нәтижелері:** 2023-2024 оқу жылдары бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары, жоспар негізінде құрылған оқу процесінің циклограммалары, біліктер мен дағдылардың қалыптасу деңгейін қадағалау үшін оқу жылына арналған баланың жеке даму картасы мектептің ресми сайтында ұсынылды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығының 5-тарау 232-тармағына сәйкес келеді.

3) **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;**

Талдау нәтижелері: Аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу барысында мектепалды топ 5 күндік жұмыс аптасымен, жұмыс жасайды. Мектепалды даярлық сыныбы жарты күн болу тәртібімен жұмыс жасайды. 2023-2024 оқу жылындағы оқушылар саны – 98.

2023-2024 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар саны-2. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың құжаттары талапқа сай жасақталып, мектептің ресми сайтында ұсынылған.

Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылғандығы жөнінде құжаттар мектептің ресми сайтында ұсынылған.

Оқу жылы	Сыныптар	Мұғалім саны	Біліктілік арттыру курсы бойынша		Үлесі	Баға
			Өткен мұғалім саны	Өтпеген мұғалім саны		
2023-2024	МАД тобы	7	5	2	71,4%	2

Оқу жылы	Мұға-лім саны	Санаты бойынша									
		Жоғары	Педагог шебер	Педагог зерттеуші	I	Педагог сарапшы	II	Педагог модератор	Санатсыз	Үлесі	Баға
2023-2024	7							2	5	0%	2

Оқу жылы	Сынып тар	Мұғалім саны	Білімі бойынша		Үлесі	Баға
			Жоғары	Арнаулы орта		
2023-2024	МАД	7	3	4	42,8%	2

ҚОРЫТЫНДЫ: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 1- қосымшасының 1-тарау 9-тармақтарына сәйкес келеді.

4) **Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;**

	Талдау нәтижелері: Мектепте «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес 2023-2024 оқу жылдарында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері туралы құжаттары мектептің ресми сайтында ұсынылды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 1-қосымша 3- тармақшасына, 2 -қосымшасына сәйкес келеді.
5)	**Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;** **Талдау нәтижелері:** Зерделенетін оқу жылдары бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы) ұйымдастыру және жүргізу, яғни тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау бойынша ақпарат мектептің ресми сайтында ұсынылды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 1-қосымша 2- тармақшасына сәйкес келеді.
6)	**Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;** **Талдау нәтижелері:** Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі: бастапқы- оқу жылының басында (қыркүйекте); аралық-оқу жылының ортасында (қаңтарда); қорытынды-оқу жылының аяғында (мамырда). 2023-2024 оқу жылдары бойынша мәліметтер жасақталып мектептің ресми сайтында ұсынылды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымша 2-тарау, 20-тармағына сәйкес келеді.
3. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар	
1)	**МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.**

	Талдау нәтижелері:2023-2024 оқу жылдары бойынша тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарды айқындайтын бекітілген құжаттар мектептің ресми сайтында ұсынылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымша 3-тарау, 23-тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес келеді
4. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:	
1)	**Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;** **Талдау нәтижелері:** 2023-2024 оқу жылында - 98 бала білім алуда. Тәрбиеленушілердің бекітілген тізімі, балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау туралы құжаттары мектептің ресми сайтында ұсынылды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымшадағы 4-тарау 25-тармағына сәйкес келеді.
2)	**Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.** **Талдау нәтижелері:** Мектепке дейінгі ұйымға балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылған. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 1 жыл. Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі сақталған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымшадағы 4-тарау 26-тармағына сәйкес келеді.
2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:	
1)	**Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу**

	тізілімінде №8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі; **Талдау нәтижелері: 2023-2024 оқу жылына** арналған оқу жоспары бойынша оқу үрдісі 1-4 сыныптарда ҚР БжҒМ 2012 жылғы 08 қарашадағы 2012 ж. №500 бұйрығымен бекітілген оқытудың үлгілік оқу жоспарының (2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 6-қосымшасы, 5-9 сыныптарында ҚР БжҒМ 2012 жылғы 08 қарашадағы 2012 ж. №500 бұйрығымен бекітілген оқытудың үлгілік оқу жоспарының (2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 13-қосымшасы басшылыққа алынды. 10 сыныптың қоғамдық – гуманитарлық бағыты ҚР БжҒМ 2012 жылғы 08 қарашадағы 2012 ж. №500 бұйрығымен бекітілген оқытудың үлгілік оқу жоспарының жаңартылған мазмұнының (2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 11-қосымшасы, 10 сыныптың жаратылыстану – математика бағыты ҚР БжҒМ 2012 жылғы 08 қарашадағы 2012 ж. №500 бұйрығымен бекітілген оқытудың үлгілік оқу жоспарының жаңартылған мазмұнының (2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 12-қосымшасы, 11 сыныптың қоғамдық – гуманитарлық бағыты ҚР БжҒМ 2012 жылғы 08 қарашадағы 2012 ж. №500 бұйрығымен бекітілген оқытудың үлгілік оқу жоспарының төмендетілген мазмұнының (2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 11-қосымшасы, 11 сыныптың жаратылыстану – математика бағыты ҚР БжҒМ 2012 жылғы 08 қарашадағы 2012 ж. №500 бұйрығымен бекітілген оқытудың үлгілік оқу жоспарының төмендетілген мазмұнының (2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 12 –қосымшасы басшылыққа алынды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 2-тармағына, 3-қосымша 3-тарау 41-тармағына, 4-қосымша 3-тарау 31-тармағына сәйкес келеді.
2)	**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;** **Талдау нәтижелері:** 2023-2024 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері, оқу бағдарламаларын базалық мазмұны «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына сәйкес жасалып бекітілген оқу бағдарламасы дәлелді құжаттарымен мектептің ресми сайтында ұсынылған. Мектептің өзін-өзі бағалаудың қорытынды анықтамасында оқу жылдары бойынша білім сапасы ұсынылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы, «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына сәйкес келеді
3)	**Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;** **Талдау нәтижелері:** Осы өлшемшарт бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерттеу көрсеткендей, «№ 4 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің 2023-2024 оқу жылында ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» сәйкес жасақталған, мектеп директорының мөрімен бекітілген. Мектептің тәрбие жоспары «Міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдағы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы бойынша 4-қосымша үлгісіне сәйкес келеді. Талдауға ұсынылған оқу жылдары бойынша өткізілген шаралардың дәлелдеме ақпарламасы, гиперсілтемесі білім беру ұйымының ресми сайтында және мектептің өзін-өзі бағалаудың қорытынды анықтамасында ұсынылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасына», «Міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдағы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының 4-қосымшасына сәйкес келеді.
4)	**Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;** **Талдау нәтижелері:** Осы өлшемшарт бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерттеу көрсеткендей 2023-2024 оқу жылына арналған білім

	беру ұйымының басшысымен бекітілген қосымша сабақтар кестелері ұсынылған. Аталған оқу жылдары бойынша сабақтан тыс спорттық үйірмелердің жаттығу өткізу кестесі ұсынылған, футбол, баскетбол, волейбол, шахмат, тоғызқұмалақ үйірмелері жүргізілген. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» №604 бұйрығының 3-қосымша 1-тарау 1-параграф 16-тармағына, ҚР Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3-қосымша 2-тарау 16-тармағына сәйкес «Сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру жинақталған. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз етеді», №604 бұйрығының 4-қосымша 2-тарау 1-параграф 17-тармағына, №348 бұйрығының 4-қосымша 2-тарау 17-тармағына «Сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асуын қамтамасыз етеді». «№ 4 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің тәрбие жұмыс жоспарында рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағыттары бойынша сабақтан тыс әрекеттің әртүрлі нысандары (сынып сағаты, дебат, сахналық қойылым, шығармашылық кеш т.б.) қарастырылып, өткізілген.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3-қосымша 2-тарау 16-тармағына сәйкес келеді.
5)	**Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);** **Талдау нәтижелері:** 2023-2024 оқу жылында 10-11 сыныптың жаратылыстану-математика бағыты оқытудың тереңдетілген деңгейі бойынша «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндерін, қоғамдық-гуманитарлық бағыты «Дүниежүзі тарихы» пәнін, оқытудың стандартты деңгейі бойынша, «Құқық негіздері» пәндері таңдалған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта,жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 4-қосымша 4-тарау 40,41-тармағына сәйкес келеді

6)	**Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру;** **Талдау нәтижелері:** Осы өлшемшарт бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерттеу көрсеткендей, «№ 4 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру туралы бағаланатын оқу жылдары бойынша 2023-2024 оқу жылында – 11 (2-і МАД тобында, 9- ы 1-11 сыныптарында) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар тіркелген. Көрсетілген оқу жылдары бойынша барлық ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының қорытындылары бар. Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасайтын психолог, педагог-ассистент, логопед, дефектолог мамандарының құжаттары мектептің ресми сайтында ұсынылған. Білім беру ұйымында 2023-2024 оқу жылында үйден оқытылатын оқушы саны-4, Көрсетілген оқу жылы бойынша барлық оқушының ПМПК, ВКК өтініштері мектептің ресми сайтында ұсынылған. 2023-2024 оқу жылдарындағы үйден оқыту бойынша оқу жоспарлары мен сабақ кестелері мектептің ресми сайтында ұсынылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 1-тарау 2-тармақ 9-тармақшасына, 3-қосымша 1-тарау 2-тармақ 11-тармақшасына 4-қосымша 1-тарау 2-тармақ 8-тармақшасына сәйкес келеді.
7)	**ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;** **Талдау нәтижелері:** Білім беру ұйымының 2023-2024 оқу жылдары бойынша вариативтік компоненттің жаһандық құзыреттілік және элективті курстарын іске асыру нәтижелерін зерделеуге арналған құжаттар тізбегі (ҮОЖ) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген қосымша сабақтар кестелері мектептің ресми сайтында ұсынылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес келеді.
8)	**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын игеру;** **Талдау нәтижелері:** «№ 4 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі 2023-2024 оқу жылдарында ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»

	№348 бұйрығының 2-қосымша 2-тарау 25-тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы «Дүниетану» оқу пәні шеңберінде 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан, 3- қосымша 4- тарау 56-тармағына сәйкес 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 4-қосымша 4-тарау 50-тармағына сәйкес 10-11 сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен қарастырылған. Сағат саны mektep.edu.kz электронды журналымен сәйкес келеді.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3-қосымша 4-тарау 56-тармағына, 4-қосымша 4-тарау 50-тармағына сәйкес келеді
9)	**«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру;** **Талдау нәтижелері:** Бағаланатын кезеңге талдау арналған оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары (mektep.edu.kz.АЖ-да) зерделенді.Осы өлшемшарт бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей, мектепте «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарауы 26-тармағына, 3-қосымшасы 2-тарауы 38-тармағына сәйкес «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4, 5-8 сыныптарда сабақтан тыс уақытта, сынып сағаттары есебінен іске асырылған. Мектеп директорының қолымен бекітілген, арнайы жоспар мектеп сайтында ұсынылды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымша 2-тарау 26-тармағына, 3-қосымшасы 2-тарау 38-тармағына сәйкес келеді
10)	**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде №30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.** **1) Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі бар жұмыс оқу жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы:** **Талдау нәтижелері:** Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған

құжаттарды зерттеу көрсеткендей, 2020-2021, 2021-2022, 2023-2024 оқу жылдары бойынша педагог кадрлардың білімін айқындайтын құжаттар (сапалық құрам) мектептің ресми сайтында ұсынылған

Оқу жылы	Сыныптар	Мұғалім саны	Білімі бойынша		Үлесі	Баға
			Жоғары	Арнаулы орта		
2023-2024	1-4 сынып	54	37	17	86,0%	3
	5-9 сынып	76	73	3		
	10-11 сынып	13	13	0		

2.1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі: жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы-педагогтердің, зерттеуші-педагогтердің, негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын шебер-педагогтердің үлесі шағын жинақты мектептер үшін Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан кемінде 20 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 25%; гимназиялар үшін кемінде 30 %.

Оқу жылы	Сыныптар	Мұғалім саны	Санаты бойынша								магистр	Үлесі %	баға
			Жоғары санатты	П дагог шебер	Педагог зерттеуші	Бірінші санатты	Педагог сарапшы	Екінші санатты	Педагог модерато	санатсыз			
2023-2024	1-4	54			10		10		23	11	-	37,0%	2

2.2) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі шағын жинақты мектептер үшін негізгі орта білім деңгейі педагогтерінің жалпы санынан кемінде 25%; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 35 %; лицейлер үшін кемінде 40 %, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; гимназиялар үшін кемінде 40%, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %.

Оқу жылы	Сыныптар	Мұғалім саны	Санаты бойынша								магистр	Үлесі %	баға
			Жоғары санатты	П дагог шебер	Педагог зерттеуші	Бірінші санатты	Педагог сарапшы	Екінші санатты	Педагог модерато	санатсыз			

2023-2024	5-9	76		0	16	0	13	-	18	29	5	38,1%	2

2.3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі шағын жинақты мектептер үшін жалпы орта білім деңгейі педагогтерінің жалпы санынан кемінде 25 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 35 %; лицейлер үшін кемінде 40 %, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30%.

Оқу жылы	Сынып тар	Мұғалім саны	Санаты бойынша								магистр		
			Жоғары санатты	П дагог шебер	Педагог зерттеуші	Бірінші санатты	Педагог сарапшы	Екінші санатты	Педагог модерато	санатсыз		Үлесі %	баға
2023-2024	10-11	13			4		3		4	2	3	53,8%	2

Талдау нәтижелері : Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі 37%, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі 40,4%, құрайды.

